

Кітап - бұл керемет әлем

Жылда көктем айы туғанда түрлі-түсті, әсем безендірілген мұқабасымен, парақтарын сыбдырлатып, балаларға қонаққа «Кітап апталығы» келеді. Аудандық балалар кітапханасында жылдағы дәстүр бойынша «Кітап - бұл керемет әлем» атты кітап апталығы өткізілді. Балалар кітапханасы жас оқырмандарға арнап дәстүрге сай кітап көрмелері мен тақырыптық сөрелер рәсімдеді.

деген қызығушылығын арттыру, оқырмандарды жаңа кітаптармен таныстыру мақсатымен «Бір, екі, үш! Ертегі әлеміне түс!» жұмбақ ойын ұйымдастырылды. Балалар әдеби ойындарға, сайыстарға белсене қатысты. Белсенді оқушыларға кітапханашылар тәттілер таратты. Биыл мерейтойы тойланатын белгілі балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың өмірбаяны мен



Кітапханадағы ұйымдастырылған кітап көрмелері жанында шолулар мен дауыстап оқулар, танымдық әңгімелер өтті. «Кітап – менің жақын досым», «Мерейгер жазушылар мен ақындар», «Бізді сендердің ата-аналарың оқыған», «Ертегілер бірге жиналғанда» атты кітап көрмелері «Оқы, парақта, өлемді таны» - мерзімді басылымдар күні және тағы басқа шаралар ұйымдастырылды. Кітапханашылар түрлі көрнекі құралдар қолданды: слайдтар, ойынға арналған атрибуттар мен кітаптар.

Апталық аясында оқушылар тек кітап оқумен шектелген жоқ, театр өнерімен де айналысты деуге болады. Себебі сан түрлі ертегі кейіпкерлерін сахналап, өздеріне кішігірім мереке сыйлады. Апталықтың дайындығына және өткізілуіне кітапхананың белсенді оқырмандары тартылды. Кітап апталығының ашылу күні «Ертегі еліне саяхат» ертегі кейіпкерлерінің қатысуымен қойылған театрландырылған ойын түріндегі көрініспен ашылды. Балалардың ертегілерге

шығармашылығына слайд әзірленіп, жазушының «Менің атым Қожа» атты повесі бойынша сұрақтар қойылды. Мультқонақжайда балалар сүйікті мультфильмдерін тамашалап, қай кейіпкер несімен ұнайтынын әңгімелеп, сипаттама берді.

«Көңілді ойындар» күні балалар үстел үстіндегі ойындар: тоғыз құмалақ, шахмат, дойбы ойындарын ойнады. Апталықтың жабылу күні осы апталыққа белсенді қатысқан оқырмандар, сонымен қатар ойындарда жүлделі орын алған мектеп оқушылары алғыс хаттармен марапатталды. Жыл сайын өткізілетін Балалар кітабы апталығы – барлық кітаппен дос балалардың ортақ мерекесі. Бұл ғажайып мерекеде кітапханашылар барлық балаларды құшақ жая қарсы алып, кітап әлеміне жетеледі.